

«КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – АДАМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ. СОНДЫҚТАН ЖҰМЫСШЫ ӨЗИНІҢ АЛДЫНДА ҒАНА ЕМЕС, КОМПАНИЯ МЕН ОТБАСЫ АЛДЫНДА ДА ЖАУАПКЕРШІЛІК АРҚАЛАЙТЫНЫН ЖӘНЕ ЖҰМЫСТАН КЕЙІН ОНЫ ҮЙІНДЕ ОТБАСЫ КҮТІП ОТЫРҒАНЫН ЕСТЕН ШЫҒАРМАУЫ КЕРЕК».

Батыр КОТЫРЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері –
техникалық саясат департаментінің директоры



№46 (2863)
09/06/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ALSTOM РАЗВИВАЕТ КАЗАХСТАНСКОЕ ПРОИЗВОДСТВО

Французская компания Alstom планирует инвестировать в расширение производства в Казахстане до 100 миллионов евро. Концерн направит данные средства на производство компонентов для электровозов и открытие сервисных центров.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Вопросы расширения деятельности французской машиностроительной компании Alstom в Казахстане обсудили Премьер-министр РК Аликсан Смаилов и президент компании по регионам Африки, Ближнего Востока и Центральной Азии Эндрю ДеЛеоне.

На сегодня компания Alstom является крупным производителем электровозов и стрелочных приводов, а также одним из основных участников программы модернизации железнодорожной промышленности Казахстана.

Основным фактором поддержки со стороны Правительства является высокий процент локализации производства. Мы приветствуем намерения

Alstom по расширению сферы деятельности путем производства компонентов для электровозов и создания сервисных центров. При этом предлагаем рассмотреть вопрос полноценного производства с высокой локализацией и полным циклом с привлечением казахстанских предприятий. Со своей стороны, мы готовы оказать содействие по реализации новых инвестиционных проектов, – подчеркнул Аликсан Смаилов.

Он добавил, что для инвесторов в республике создаются максимально благоприятные условия: предусматриваются налоговые и таможенные льготы, предоставляется инфраструктура, оказываются меры господдержки. Благодаря этому



сейчас успешно реализуется ряд проектов в железнодорожном машиностроении и производстве электровозов с иностранным участием.

В свою очередь Эндрю ДеЛеоне подтвердил заинтересованность компании в дальнейшем развитии производства в Казахстане и реализации новых проектов. – Мы работаем в республике уже более 10 лет. За это время мы инвестировали

сотни миллионов евро и обеспечили работой сотни людей. Это демонстрирует высокий уровень нашего стратегического партнерства. Сегодня Alstom рассматривает возможность инвестировать еще от 50 до 100 миллионов евро для того, чтобы выстроить свои сервис-центры по всей республике. Так, мы хотим поддержать разработку новых локомотивов и увеличить

потенциал инфраструктуры по стране, чтобы повысить безопасность перевозок, – сказал Эндрю ДеЛеоне.

В рамках встречи стороны также обсудили перспективы развития транзитно-транспортной сферы РК, в частности расширение возможностей Транскаспийского международного транспортного маршрута.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

ӘРІПТЕСТІК АЯСЫНДА



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының стратегия жөніндегі орынбасары Әнуар Ахметжанов Алматы қаласында өткен Huawei Middle East & Central Asia Tech Carnival 2023 форумына қатысты.

Форумда цифрандырудың маңызы мен оның экономиканың кейбір салаларын дамытуға қосар ықпалы туралы мәселелер талқыланды. Осы ретте Әнуар Ахметжанов «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының цифрлық трансформациялау стратегиясын жүзеге асыру барысы туралы баяндады.

Ол цифрандыру компания стратегиясының ең негізгі 6 құрамдас бөлігіне айналғанын және бұл бойындар қозғалысы қауіпсіздігіне қол жеткізуде, клиенттердің қанағаттанушылық деңгейі мен қызмет тиімділігін арттыруда негізгі құрал болып саналатынын жеткізді.

Әнуар Ахметжанов Huawei компаниясымен бірге жүргізілетін ынтымақтастық жұмыстарына назар аударды.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ғаламдық көшбасшымен бірге біз ҚТЖ-ның цифрлық трансформациясын бастаймыз, мәліметтер беру үшін инновациялық инфрақұрылымды құрамыз, ақпараттарды өңдеу және сақтау ісін жаңғыртымыз. Huawei-мен әріптестік Қазақстанның көлік саласын, жалпы елді дамытуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашды», – деді ол.

ҚТЖ Huawei компаниясымен бірге теміржол индустриясын цифрандыру саласында бірлескен зерттеулер жүргізу және қызметкерлерді оқыту бойынша инновациялық орталық құруды жоспарлады.

Ұлан ОРАЗ

ЖОЛ МАШИНАЛАРЫ КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Жол дистанцияларына көмекке келген ауыр жол машиналары темір жолдарды технологиялық талапқа сәйкестендіру жұмыстарын жүргізуде.



Қыркыңшы машиналандырылған жол дистанциясы (Пчм-40) бүгінгі таңда Қызылорда телімінде жұмыс істеуде. Жолдардың түзулігі мен ауытқығын қалпына келтіру, қисайған жерлерін түзулеу, түскен жерін көтеріп, астын қиыршық таспен нығытау, т.б. жол жұмыстары күннің аяғына ыстығына қарамастан қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі уақытта Қоскөл-Сексеуіл жаңа телімінде ДУОМАТ, ДГС, ПБР жол машиналарымен 16,8 шақырым жолдың бабын жасау жұмыстары атқарылууда. Бұдан кейін ауыр техникалар бөлімшенің Сексеуіл – Шалқар станциялары аумағында жалғасады.

– Мамыр айынан бері Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде Бесарық – Сауран, Шорнақ – Түркістан және Жалағаш – Тереңөзек станциялары аралықтарында РМ-80, РМ-2002, ДУОМАТ, ПБР, ДГС секілді ауыр жол машиналарымен аймақ жолдарының технологиялық талапқа сәйкес болуы үшін кешенді жұмыстар атқарылууда. Жол машиналарының жұмысы технологиялық талаптарға сай, кемшіліксіз болуы дистанцияның арнайы мамандары тарапынан бақыланып, қадағалануда, – деді жол бөлімінің жетекші инженері Мейірман Жүнісов.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ, Қызылорда

Семинар

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ӨЗЕКТІЛІГІ АРТУДА

5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қарағандыда өткен биылғы семинар «Төмен көміртекті даму. Су және климаттың өзгеруі» тақырыбына арналды. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің ұйымдастыруымен және кәсіподақ ұйымының қолдауымен өткен жиынға желілік және аймақтық құрылымдық бөлімшелердің өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің мамандары қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Негізі бұл атаулы күн 1972 жылдың маусымында қоршаған орта проблемалары жөніндегі Стокгольм конференциясының қарарына сәйкес бекітілген болатын. Содан бері Біріккен Ұлттар Ұйымының тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп, қоршаған ортаның проблемаларына әлемдік қауымдастықтың назарын аударуды және адамзат баласының қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімін оятуды көздейді.

Қоршаған ортаны қорғау және оны ластайтын зиянды қалдықтарды азайту – Қазақстан үшін де өзекті мәселе. Биыл ақпан айында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілді. Стратегияда Қазақстан экономикасын ESG қағидағтарын тарату, «жасыл» инвестицияларды ілгерілету және тарту, энергияны үнемдейтін өндіріс, электрлендіру сияқты жаһандық климаттық үрдістерге

бейімдеу қажеттілігі қарастырылған.

Әлбетте, мемлекетіміздің ірі жетекші және жұмыс беруші өндірістік компанияларының бірінен саналатын «Қазақстан темір жолы» компаниясы да төмен көміртекті дамыту, қоршаған ортаны ластайтын зиянды қалдықтарды азайтуға мүдделілік танытады. Компанияның бұл бағыттағы атқарып жатқан іс-шаралары да нәтижесіз емес. Былтыр «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Moody's ESG Solutions рейтингтік агенттігінің бағалауы бойынша жоғары көрсеткіштерге ие компаниялар қатарынан орын алуы – осының дәлелі.

– 2022 жылы Moody's ESG Solutions рейтингтік агенттігі «ҚТЖ» ҰК» АҚ ESG-іне 57 балл (теориялық 100 балл) берді. Бұл Moody's шкаласы бойынша «А2» тұрақтылық рейтингіне сәйкес келетін екінші ең жоғары баға болып табылады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның әрбір ESG компоненті бойынша бағалауы: экологиялық – 53 балл, әлеуметтік – 59 балл, корпоративтік басқару – 57 балды құрады. Егер Компанияға рейтинг алғаш рет тағайындалып отырғанын ескерсек, бұл барынша жақсы көрсеткіш, – деп атап

өтті семинарда сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің бас менеджері Сағат Кабиев.

Ол сонымен қатар биыл ақпан айының басында «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан 2023-2024 жылдарға арналған ESG рейтингін жақсарту бойынша Жол картасы қабылданғанын және оған енгізілген ұсыныстар мен қоршаған ортаны қорғауға қатысты атқарылатын іс-шаралар легімен таныстырды.

Солардың бірі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2029 жылға дейінгі Даму стратегиясына Парникті газдардың шығарындылары бойынша мақсаттарды енгізу болса, қайтадан өңделіп, Директорлар кеңесінің шешімімен биылғы 29 наурызда бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясында көміртекті ізін төмендету бойынша Компания мақсаттары енгізілген. Сонымен қатар Жол картасына ҚТЖ-ның еншілес ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелерінің табиғатты қорғау іс-шаралар жоспарына жергілікті ластанудың алдын алу, төмендету сынды мәселелерді енгізу ұсынылғаны айтылды.

(Жалғасы 2 бетте)

ПЕРЕРАСПРЕДЕЛИТЬ ПОТОКИ



Правильно перераспределять потоки через железные дороги и порты, возрождать водные речные пути и переориентироваться на контейнеры, считают необходимым эксперты транспортной отрасли.

Любовь РОВБА,
Астана

Свои предложения они озвучили на выездном заседании Подкомитета по водному транспорту Комитета логистики и перевозок Президиума НПП РК «Атамекен». В нем приняли участие представители СТК «KAZLOGISTICS», морских портов Актау и Курык, государственных органов, судоходных компаний, отраслевых ассоциаций и другие.

Как отметил заместитель председателя комитета логистики и перевозок президиума НПП «Атамекен» – председатель совета директоров АО «НК «ҚТЖ» Юрий Лавриненко, в последние годы произошло серьезное перераспределение грузовых потоков и цепочек поставок.

– Востребованы у нас «Срединный коридор» и в принципе инфраструктура Казахстана. Тот поток, который из Беларуси и России

шел напрямую в Европу, сегодня развернулся и идет через Казахстан или «смотрит» через Казахстан в сторону Китая, Центральной Азии, Ближнего Востока, – подчеркнул он. – Это такой поток, с которым мы уже не справляемся из-за ограничений пропускной способности, потому что его не ожидалось. Есть узкие участки по пропускной способности на железнодорожном транспорте. Где-то есть необходимость раз-

вивать железнодорожные узлы, сортировать станции и так далее.

По мнению Юрия Лавриненко, инфраструктура за один день развить не удастся, поэтому становится важным правильно перераспределить потоки как через дороги, так и через порты. В этой связи участники обратили внимание на имеющиеся, но не загруженные коридоры, одним из которых является трансконтинентальный Иртыш.

– Есть необходимость возрождать водные речные пути. Ранее на Иртыше всегда доходил поток до 11 миллионов тонн: перевозили щебень, уголь, нефтепродукты и т.д. Сегодня стоит вопрос о необходимости контейнеризации. Если на водных путях появятся контейнеры, они тоже многое изменят в технологии. Одно дело

– насыпные грузы, а другое – когда пойдут контейнеры и можно будет перевозить товары другого качества. Такая практика есть в Европе, и она очень здорово развивается, – отметил Юрий Лавриненко.

Наличие естественного транспортного коридора в виде реки Иртыш делает возможным осуществлять транзитные перевозки в направлении Китай – Казахстан – Россия. С вступлением же в силу Соглашения о судоходстве, заключенного в рамках Евразийской экономической комиссии, станет возможен выход на «Северный морской коридор» как казахстанских экспортных грузов, так и транзитных, иными словами, появятся новые контакты с ближним и дальним зарубежьем.

ЭКСПОРТОРИЕНТИРОВАННОСТЬ ТЕСНО ПЕРЕСЕКАЕТСЯ С ИНТЕРЕСАМИ ВНУТРИРЕСПУБЛИКАНСКИХ ПЕРЕВОЗОК. ПО НАШЕМУ МНЕНИЮ, ПЕРЕВОЗКА УГЛЯ ПО РЕСПУБЛИКЕ ЯВЛЯЕТСЯ ПЕРВОСТЕПЕННОЙ СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЗАДАЧЕЙ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ЗА ПЯТЬ МЕСЯЦЕВ 2023 ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ПЕРЕВЕЗЕНО

44 млн тонн
УГЛЯ

С НАЧАЛА ГОДА 100 «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ПРОИЗВЕЛО РЕМОНТ

80,4

КИЛОМЕТРА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА

В МАЕ ТЕКУЩЕГО ГОДА ИЗ КАЗАХСТАНА В КИТАЙ ПЕРЕВЕЗЕНО ЗЕРНОВОЗАМИ ОКОЛО

75 тыс. тонн

ПШЕНИЦЫ

СЕРВИС САПАСЫ СӨЗ БОЛДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«Жолаушылар тасымалы» АҚ басшылығы «Батыс» филиалының жұмысын кездесіп, пойыздағы сервистік қызметтер сапасын арттыру мен жазғы тасымалға дайындығы мәселесін талқылады.

«Батыс» филиалының пойыз бригадалары мен «Вагонсервис» АҚ қызметкерлері, өндірістік персоналдар қатысқан жиында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов негізгі басымдықтарды атап көрсетті. «Жолаушы пойыздағы сапары кезінде өзін жағай сезінуі керек. Осыған орай біздің басты мақсатымыз – сервистік қызметтердің сапасын жоғары деңгейге көтеру», – деді ол.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ басшысы өндірістік персоналдың еңбек жағдайын жақсартуға ерекше назар аударды. Кездесулер «ашық диалог» форматында өтіп, өндірістік және әлеуметтік сипаттағы мәселелер талқыланды.

Сонымен қатар басшылар билет кассаларының, багаж бөлімшелерінің еңбек жағдайын бағалап, Атырау және Ақтөбе теміржол вокзалдарының өндірістік ғимараттарын аралады. Вагондардың рейс алдындағы технологиялық дайындығын жүргізетін «Вагонсервис» АҚ-ның өндірістік нысандарына барып, пойыздарға төсек жайма дайындау процесімен егжей-тегжейлі танысты.

ҚОРШАУДАН ДА КӨМЕК БАР

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты теміржол құрманғазы, Исатай, Махамбет, Мақат, Қызылқоға, Жылбый сынды алты аудан аумағын қиып өтеді. Жолдағы мал аймақ теміржолшылары үшін аса өзекті мәселеге айналғалы қашан.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде жыл сайын жол дистанцияларының өз күшімен теміржол бойын малдан оқшаулау, қоршау, яғни тосқауыл-шарбақ салу жұмыстары жүргізіліп келеді. Бүгінде 300 шақырымда қоршау бар, ол барлық ұзындықтың тек 35 пайыздайы ғана. Соның ішінде Атырау жол дистанциясы бойынша 118 шақырым, Сағыз-Мақат-Атырау-Ганюшкино-рзд. Д.Нұрпейсова учаскесі және Құлсары дистанциясы бойынша Мақат-Құлсары-Бейнеу учаскесінде 106 шақырымды алып жатыр. Бөлімшенің жол шаруашылығы қызметкерлері күшімен 2021 жылы 100 шақырым көлемінде қараусыз малдың теміржолға шығып кетпеуі мақсатында қарсы қоршау салынса, бұл көрсеткіш былтыр жол дистанциялары бойынша 77 шақырым көлемін құраған. Ал 2023 жылға 149,2 шақырым қоршау тұрғызылуы жоспарланып, қазіргі уақытта қолданыстан шығарылған ескі шпалдар қада ретінде орнатылып жатыр, енді оған сым қоршаулар байланады.

– Бұл қоршаулардың айтарлықтай көмегі бар. Мәселен, 2021 жылдың 6 айында пойыздардың 138 шұғыл тежеу оқиғасы орын алған болса, 2022 жылдың 6 айында малдың жолға шығуына байланысты пойыздардың небәрі 17 шұғыл тежеу оқиғасы орын алған. Ал биыл бүгінгі күнге дейін тек 6 оқиға тіркелген. Яғни малдың жолға шықпауына қоршаудан да көмек бар. Алайда, малдың жол бойына шығуының артында апат қаупі, азаматтарымыздың өмірі, экономикалық-материалдық шығындар жатқанын естен шығармағанымыз абзал, – дейді бөлімше басшысының өндірістік мәселелер бойынша орынбасары Аманқос Жылқыбаев.

Аймақта аса қауіпті саналатын жерлер Атырау-Махамбет, Махамбет-Қызылжар, Бақсай-Аққыстау, Құлсары-Шоқпартоғай, Жантерек-Мұқыр-Сағыз, Ганюшкино-Атырау аралықтары.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ӨЗЕКТІЛІГІ АРТУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қазіргі уақытта ең өзекті проблемалардың бірі – климаттың өзгеруі және оның біздің ғаламшарымызға теріс әсері. Сондықтан ауаны ластайтын парникті газдар шығарындыларын азайту аса маңызды. Климаттың өзгеруіне ықпал ететін маңызды фактордың бірі – су. Сондықтан су – төмен көміртекті дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруда аса қажет сектор. Қуат көзін мейлінше пайдалануға инфрақұрылымдарын бейімдеген және суды пайдалануды реттеген елдер атмосфераны парникті газдармен өте аз ластайтыны белгілі болып отыр. Бұл бағыттағы бірінші қадам – су ресурстарын басқаруды жақсарту. Ол үшін экономиканың әртүрлі салаларында, мысалы, ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте, қалалық инфрақұрылымда және т.б. суды пайдаланумен байланысты шығарындыларды азайту үшін экологиялық таза технологияларды пайдалану қажет. Шығарындыларды шектеудің қосымша жолы суды пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. Мысалы, суды тиімдірек пайдалану өнеркәсіптік жұмыс процестерінің азаюына, осылайша атмосфераға шығарындыларды азайтуға әкелуі мүмкін, – деп атап өтті өз баяндамасында семинар қонағы, Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік экологиялық инспектор Әділет Қоңбаев.

Жалпы алғанда, төмен көміртекті даму біздің планетамыздың тұрақты болашағын құруға ықпал етері анық. Ал бұл процесте су маңызды рөл атқарары сөзсіз.



Өйткені, осы ресурсты тиімді басқаруды үйрену шығарындыларды айтарлықтай азайтып, адамдардың өмірін жақсартуға септігін тигізеді. Өндіріс бас экологы Қарағанды қаласын мысалға ала отырып, төмен көміртекті су жүйесі технологияларын қолданудың іс жүзінде қалай сәтті жүзеге асып жатқанын баяндады. Мәселен, қалада ағынды суды жинау және тазарту жүйесіне көшу жобасы жүзеге асырыла бастапты, бұл атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуын азайтып, полигондарға жіберілетін қалдықтардың көлемін айтарлықтай азайтқан. Бұл және басқа да төмен көміртекті дамыту жобалары Қарағандының жасыл қалаға айналуына және ұзақ мерзімді перспективада тұрақтылығын сақтауға көмектесетін көрінеді.

Семинарда қатысушыларға ҚР Экологиялық Кодексінің талаптары мен нормалары, сондай-ақ аталған заңның 10 қағидасын қолдану

жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар Маңғыстау өңіріндегі Қошқар ата қалдық қоймасының проблемалары сөз болды.

«Батарейларды қажет жарату – планетаны сақтап қалуға жасалған қадам» тақырыбында «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС – «Илецк» филиалының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жетекші инженері Самат Мұфтеев мазмұнды баяндама жасады.

Оның айтуынша, әзірше адамзат қоқысты жоюдың үш түрлі жолын тауып отыр. Бірі қоқыс орнын ұйымдастыру, екіншісі – қоқыстарды өртеу, үшіншісі – қоқыс қалдықтарын қайта қөдеге жарату. Алайда, бастапқы екі амал батареяларды жоюға жарамайды. Батарейлар егер әдеттегі қоқыс орнына түссе немесе оны далаға тастай салса, оның жоғары қабаты біртіндеп бұзылып, ондағы металдар топыраққа сіңеді. Егер от тисе, ол жарылуы, тіпті химиялық күйік тудыруы және де улы металдардың ағып кетуі қауіп тууы мүмкін. Сондықтан ең абзалы батареяларды

күн түспейтін көлеңкелі салқын жерде жинап, қөдеге жаратуға тиісті орындарға тапсырған дұрыс.

Ал «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің менеджері Светлана Оспанова «Халықаралық қағазсыз күн», «Экономия – Экология. Өндірісте және тұрмыста суды үнемдеудің 10 қарапайым ережесін қолдану», «ЖТ қызметкерлеріне арналған өмірлік маңызды ережелерін енгізу» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылуы екенін атап өтті.

Теміржолдың жүк тасымалын ұйымдастыру шаруашылығының экологтары бұл семинардың маңызды мағлұматтар алып, өңірлерден келген әріптестермен пікір алмасып, көкейлеріндегі көп сұраққа жауап тапқандарын жеткізді. Семинар соңында өткен жылы ерен еңбектерімен ерекшеленген экологтар марапатталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ – ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫС



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент бөлімшесіне қарасты Арыс вагон пайдалану депосының салыстырып тексеру зертханасының бастығы Исламхан Алтаев Ұлттық компанияға 30 048 403 теңге пайда әкелген жоба ойлап тапты.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

2023 жылдың 9 наурызында ҚТЖ ғылыми кеңесінің шешімімен РП -72-В нөмірлі «Қысымды өлшейтін манометрлерді тексеруді жүзеге асыру құқығына ие зертханаларды аттестаттау бойынша аккредиттеу саласын кеңейту» тақырыбындағы жобасы мақұданған өнертапқыштың есімі әріптестері арасында кеңінен танымал. Екі рет «Үздік рационализатор» төсбелгісімен марапатталған маман қырық жыл өмірін Арыс вагон депосында өткізіп келеді. Жай өткізіп келе жатқан жоқ, жыл сайын өндіріске миллиондаған сома тиімділік беретін тың жобалар ойлап тауып, пайда әкеледі.

Исламхан Нұртайұлының айтуынша, Салыстырып тексеру зертханасы – өлшем бірлігін қамтамасыз ету мәселелерін шешетін зертхана. Зертхананың негізгі мақсаты – өлшеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігіне кепілдік беру болып табылады және ол өлшеу стандарттары мен эталондардың әртүрлі түрлерімен, сондай-ақ өлшеу әдістерімен жұмыс істейді.

– Салыстырып тексеру зертханасы аккредиттеудің белгіленген саласына сәйкес өлшем құралдарын салыстырып тексеру жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Арыс вагон пайдалану депосында Салыстырып тексеру зертханасын құрудың негізгі мақсаты тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін өлшеудің



жосықсыз нәтижелерінің салдарынан қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ геометриялық шамалар мен қысымды өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау болып табылады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің тек 3 вагон депосында ғана – Арыста, Семейде, үшіншісі Оралда осылай зертханада жұмыс жасап, сала мамандары рационализаторлық қызметті өрістетуді мүмкіндігіне ие. Қазіргі уақытта ҚТЖ мен еншілес ұйымдарында қысымды өлшеу құралдары салыстырып-тексеруге аккредиттелген зертханалар жоқ, оларды тексеру үшінші тарап ұйымдарының тексеру зертханаларында жүргізіледі. Біздің соңғы жобамызға сәйкес ендігі жерде өлшеу құралдарын салыстырып тексеруге қайта-қайта шығындалмай, өзімізде жүргізе аламыз, бұл – үлкен үнем, – дейді өнертапқыш-маман.

Айтуынша, өнертапқыштық – ғылыми жұмыс. Техникалық құрылғылар мен приборлар жұмысын жетілдіруде белгілі бір физикалық заңдылыққа негізделеді, формула мен есеп құруды қажет етеді. Исламхан Нұртайұлы «100 жас есім» жастар жобасындағы жас теміржолшылардың әлеуетін ғылыми мақсатқа пайдалану жағын ескере қажет деп санайды. «Ол үшін компания қолынан іс келетін жастарға мотивация үшін 20-30 пайыздық сыйақы қосып отырса, жастар ғылымға бет бұрып, үлкен жобалар туғызар ма еді» дейді.

– Рационализаторлық қызметті дамытудан кез келген өндіріс тек ұтады. Үйренетін жастар қатары көбейсе, шәкірттер тәрбиеленіп, арнайы шеберлік сағаттарын өткізеді, білгенімізді үйретуден жалықпаймыз. Бекітілген кестеге сәйкес алдағы уақытта – шілде айында Қостанай, Ақмола жүк тасымалы бөлімшелерінің вагон және локомотив пайдалану деполарының өлшеу құралдарын салыстырып тексеруге, қыркүйекте Алматы, қазанда Атырау, желтоқсанда Ақтөбе, Қызылорда, Тараз бөлімшелерінің вагон және локомотив пайдалану деполарының өлшеу құралдарын салыстырып тексеру жұмыстарын жоспарлап отырмыз, – дейді Исламхан Нұртайұлы.

Арыс вагон пайдалану депосының салыстырып-тексеру зертханасында алдағы уақытта жылу-физикалық шамаларды тексеру құқығына аккредиттеу аясын кеңейту жоспарлануда екен.

– Шымкент ЖТ бөлімшесінің кітапханасы жанынан алдағы уақытта рационализаторлық қызметке қатысты шеберлік сағаттарын өткізсек деген жоспарымыз бар. Исламхан Алтаев сынды өнертапқыштар дәрісі теміржолда еңбек етіп жүрген жастарды ғылыммен айналысып, жанылық ашуға құлшындырар еді деп ойлаймын, – дейді техникалық кітапхана жетекшісі Ляззат Джарымбетова.

Суретті түсірген автор

ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТКЕН ЖҮЙЕ



Шалқар – екінші класты учаскелік станция. Тәулігіне 30-ға жуық пойызға қызмет көрсететін станцияда қозғалысты автоматтандыру жүйесі жұмысты ретті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Станцияның жұмыс паркінде сәт сайын жаңарып жатқан мәліметтер қозғалыс мамандарының көз алдында, бірден компьютерге жүктеледі.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Шалқар станциясының парк кезекшісі Гүлсара Мұсаева бір күндік жұмыс кестесімен таныстырды. Жұмыс үстеліндегі компьютерден Шалқар-Сексеуіл, Шалқар-Тассай, Шалқар-Жем бағыттарындағы қозғалыстың схемасын түсіндіріп, ондағы әр нүктенің ақпарат екенін айтты. Пойыздардың дайындығы, тұрып қалған тепловоздар, жөнелту, қабылдау процестерінің барлығы сол сәтте компьютерге түседі. Мәліметтерді жүйеге қосылған кез келген компьютерден қарауға болады. Яғни

бүкіл қозғалыс кестесі алақандағыдай айқын әрі қолжетімді.

«Келіп-кеткен пойыздардың бәрін тіркеп, компьютерге жүктеймін. Құрамды жазып отырамын. Пойыздардың дайындығын хабарлаймыз. Компьютердегі барлық ақпараттар мен ескертулерді машинистің қолына шығарып беремін. Сырт қараған адамға қайталанып жатқан жұмыс болып көрінуі мүмкін. Әр бағыт бөлек, бірін-бірі қайталамайды, сондықтан мұқияттылықты талап етеді», – деді Шалқар станциясының парк кезекшісі Гүлсара Мұсаева.

Жүк қабылдау, жүк түсіру, транзиттік пойыздармен жұмыс, тағысын

тағы станция жұмысына қатысты жүк операцияларының барлығы автоматтандырылған. Станциядағы маневрлік қозғалыстарды реттеп, тіркелетін, ағытылатын вагондардың жұмысын экраннан бақылап отыруға болады. Вагондарды уақытылы ағытып-тіркеу және оларды белгіленген уақыттан артық тұрмауы бақыланады. Парк кезекшісінің айтуынша, мұнда Тассай, Сексеуіл жағынан пойыздар көп келеді.

«Барлық желімен жұмыс істейміз. Тепловоздарды қараймыз. Жарамай қалған тепловоздарды ағытып алу жұмыстарын ұйымдастырамыз. Күнделікті жұмыста уақытты тек экранға телміріп



отырумен өткізбейміз. Тежегіштерді бекітеміз. Құрам дайын болған кезде жөнелтілуін хабарлаймыз, тағы басқа құрамдар қозғалысына байланысты жұмыстар көз алдымызда», – деді парк кезекшісі.

Отыз жылдан астам еңбек өтілі бар парк кезекшісі – станциядағы тәжірибелі қызметкерлердің бірі. Еңбек жолын 1991 жылы осы станцияда бағыттаушы болып бастаған 20

жастағы өрімдей қыз 16 келі болатын тежегіштерді көтеріп, вагондарды бекіткен күндерін еске алады. 2000 жылдан бері парк кезекшісі. «Автоматтандыру мен цифрландыру – станция жұмысын едәуір жеңілдетіп, бұрын қанша уақыт пен күш жұмсайтын көптеген жұмысты бір жерден бақылауға мүмкіндік берді, бұл – үлкен игілік», – дейді парк кезекшісі.

Суретті түсірген автор



ГРУЗОБОРОТ УВЕЛИЧИВАЕТСЯ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
ст. Алтынколь

С начала года импорт грузов через станцию Алтынколь составил 2 376 поездов. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года количество обрабатываемых

вагонов увеличилось на 64%, а в тоннаже – на 100%. Если говорить об экспорте, то за пять месяцев текущего года сданы 1 159 поездов, что в сравнении аналогичным периодом 2022 года больше на 20% (в вагонах – на 4 584). Среднесуточный прием по узкой колее

за 5 месяцев составил 15,67 поезда. Среднесуточная сдача по широкой колее выросла на 86% и составила 7,7 поезда (306 вагонов).

Стоит отметить, что проводится работа по увеличению объема местных грузов, в том числе каменного угля, минеральных

удобрений, полипропилена, строительных материалов, путем привлечения с автомобильного перехода «Хоргос». К слову, доставка грузов производится по принципу «от двери до двери». И с каждым годом контейнерные перевозки все более уверенно занимают лидирующие позиции в системе перевозок.

Успешно внедрена программа для ускорения работы по оформлению перевозочных документов и получению предварительной информации о прибывающих составах. Это ускоряет обработку контейнерных поездов, позволяя заранее планировать работу по перегрузу и отправлению.

– Пограничный переход Алтынколь – Хоргос служит интересам двух государств и имеет важную роль в развитии транзитных перевозок. Коллектив станции добивается увеличения пропускной и перерабатывающей способностей, улучшения эксплуатационной работы, обеспечения условий безопасности в маневровой работе, сокращения всех видов простоя, – отмечает заместитель начальника станции Алтынколь по логистике Данияр Нуркасымов.

Фото автора

ДЕЛИТЬСЯ ОПЫТОМ И УЧИТЬСЯ У КОЛЛЕГ



Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

График обучения оказался плотным и тематическим насыщенным. В течение трех дней начальники отделов и ведущие инженеры отделения ГП ознакомили будущих коллег с практикой работы организатора службы движения на местах, действиями в аварийных и нештатных ситуациях, особенностями проведения комиссионного осмотра технических средств.

– Трехдневный курс для начинающих руководителей станет полезным для дальнейшей работы. Ведь данное обучение направлено на проверку и повышение уровня знаний, безопасности движения, производственной безопасности, выполнения заданий показателя работы станции, качественного составления нормативно-технической документации и других важных вопросов, – отметил директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые

перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» прошло трехдневное обучение недавно назначенных начальников станций, их заместителей, руководителей вагонных пунктов технического осмотра и инженерно-технических работников. Обучение прошли 12 специалистов.



перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Адильхан Дакенов.

В первый день занятий участники получили информацию об организации работы по вопросам производственной безопасности и технического блока. В частности, они ознакомились с правилами работы по стандартам: «Поведенческий диалог безопасности в АО «НК «КТЖ» и его дочерних организациях

в области производственной безопасности», «Организация внутреннего контроля деятельности в области производственной безопасности в АО «НК «КТЖ» и его дочерних организациях». Также слушатели изучили основные аспекты инструкции по разработке техническо-распорядительного акта станции, который регламентирует обеспечение безопасности движения в

местных условиях. В завершение программы первого дня обучения участники на практике отработали порядок организации и проведения технической учебы с работниками филиала.

Во второй день были проработаны вопросы по правилам оплаты труда, нормирования рабочего времени, оформления актов проверок, направленных на повышение безопасности движения поездов, выполнения эксплуатационных показателей, работы в программных обеспечениях E-Telegram, Documentolog.

В завершающий день главный инженер Акмолинского отделения ГП Сайран Баржаксин провел для назначенных руководителей учебно-показательный комисионный осмотр на станции Кошкетая. В ходе обучения он наглядно продемонстрировал процесс выявления тех или иных неисправностей или отклонений верхнего строения пути, электроснабжения, устройств сигнализации и связи.

Кроме того, для вновь назначенных руководителей было выдано наглядное пособие по проведению КМО, в котором отражены основные инструменты, используемые при проведении осмотров верхнего строения пути, а также места их применения, примеры записей.

Фото автора

ВЫЗОВЫ ОТКРЫВАЮТ ВОЗМОЖНОСТИ



Айлин БАУРЖАН,
Актау

На сегодняшний день одним из звеньев разветвленной сети казахстанских мультимодальных перевозок являются морские инфраструктурные мощности портов Актау и Курык, представляющие отечественным и иностранным грузоотправителям выход на мировые торговые рынки.

Располагаясь в точке пересечения нескольких международных транспортных маршрутов, морские порты обеспечивают круглогодичную перевозку всех видов грузов с Востока на Запад, с Севера на Юг и в обратном направлении.

Между тем к 2030 году потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута оценивается до 20 миллионов тонн грузов в год, в том числе включая контейнерные перевозки до двух миллионов ДФЭ,

что потребует соответствующего развития портовой инфраструктуры для потенциальной переориентации на данный коридор от 3% до 20% ежегодного объема транзитных грузов, следующих по направлению Восток – Запад через альтернативные транзитные маршруты.

Для укрепления транзитного потенциала страны МИИР РК разработало «Концепцию развития транспортно-логистического потенциала Казахстана до 2030 года», охватывающую вопросы развития всех видов транспорта и логистики.

Кроме того, в порту Актау планируется создание контейнерного хаба на базе свободной экономической зоны «Морской порт Актау», который улучшит транспортную связанность на маршруте ТМТМ.

К тому же обновляется перегрузочный парк, и в третьем квартале 2024 года в порт будет поставлен один из трех



запланированных кранов грузоподъемностью до 63 тонн, а в последующем за счет средств ЕБРР будет профинансировано приобретение дополнительных кранов, ричстакеров и терминальных тягачей.

Интеграция морских портов Актау и Курык в мультимодальные логистические цепочки также будет осуществляться через активное развитие цифровизации и автоматизации перевозочного процесса в морских портах с объединением с прикаспийскими портами.

При этом межгосударственная координация перевозок проводится уже сегодня в рамках исполнения Дорожных карт по синхронному устранению «узких» мест и развитию ТМТМ по территориям Казахстана, Азербайджана, Турции и Грузии на 2022-2027 годы, где

транспортными ведомствами предусмотрены практические шаги более полного раскрытия транзитно-транспортного потенциала всего Каспийского региона.

Значительно ускорить процесс прохождения процедур и повысить эффективность перевозок также позволит цифровизация контрольно-надзорных функций государственных органов с созданием системы электронного документооборота в морских пунктах пропуска по принципу «единого окна».

Для снижения числа аварийных случаев на морском транспорте будет внедрена система управления движением судов в порту Актау с последующим ее объединением с аналогичными системами портов Курык и Баутино.

Фото автора


ДЛЯ БЕСПЕРЕБОЙНОЙ РАБОТЫ

Любовь РОВБА,
Астана



На станции Шубарколь введена в эксплуатацию автоматизированная система коммерческого осмотра поездов и вагонов с модульной архитектурой.

Проект «Устройство СЦБ, связи и электроснабжения на станции Шубарколь» реализован ТОО «Kamkor Service» совместно с ПК «НПК Автоматизация» (РФ).



Так, осуществлены строительно-монтажные и пуско-наладочные работы с вводом в постоянную эксплуатацию автоматизированной системы коммерческого осмотра поездов и вагонов с модульной архитектурой, модулями 3D (АСКО ПВ 3D) и АСКИИ.

Напомним, в ноябре 2022 года на станции завершены работы по включению дополнительных путей, стрелок и сигналов в электрическую централизацию МПЦ Ебіlock-950.

Новое оборудование и программное обеспечение будет играть решающую роль в обеспечении бесперебойного движения, повышении эффективности поездной и маневровой работы на станции Шубарколь, а также обеспечит большую информативность рабочего места дежурного по станции.

– Запуск и ввод в эксплуатацию всех указанных устройств на станции Шубарколь знаменует собой важную веху для ТОО «Kamkor Service» в его деятельности по модернизации железнодорожной инфраструктуры страны, – считает директор по СЦБ и приборам безопасности ТОО «Kamkor Service» Бельдияр Байзаков.

Фото автора

Учения

В ПОЛОСЕ ОТВОДА

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

В Восточном Казахстане установилась очень жаркая погода, сейчас необходимо особенно тщательно соблюдать меры предосторожности в природных зонах, чтобы не допустить возгораний и распространения огня.

Личный состав пожарного поезда на станции Оскемен-1 провел тактические учения по тушению пожара в полосе отвода станции Ермаковка.

В таких учениях все заранее расписано по минутам и даже секундам. После получения тревожного сигнала в 07.26 под пожарный поезд подали маневровый локомотив, вывели его с места дислокации. В 07.34 его выставили на 14-й путь станции Оскемен-1. В 09.09 подали основной, магистральный тепловоз. В 10.17 отправились к месту условного пожара. После боевого развертывания в 11.27 личный состав приступил к тушению огня. Спустя 20 минут условный пожар был локализован и ликвидирован.

– В тактических учениях приняли участие 16 человек. Площадь условного пожара была около 500 квадратных метров, – информировал начальник пожарного поезда на станции Оскемен-1 Муханбет Омьрбеков. – Помимо состава, мы использовали пожарные хлопущки, рукава, ствол Литер Б, ходовое разветвление, лесные ранцевые огнетушители. В ходе учений израсходовано 10 кубометров воды.

УСЛОВИЯ, ПРИБЛИЖЕННЫЕ К РЕАЛЬНЫМ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Масштабные лесные пожарно-тактические учения прошли в Костанайской области.



Учения проводились в КГУ «Аракарагайское учреждение лесного хозяйства» на станции Шоққарагай, вблизи поселка Красный кордон.

В тушении условного огня принимали участие подразделения ДЧС Костанайской области, сотрудники лесных хозяйств и природного заповедника, а также состав пожарного поезда станции Костанай.

По легенде учений, в результате неосторожного обращения с огнем произошло возгорание лесного участка 108-го квартала Красногорского лесничества недалеко от железной дороги в районе станции Шоққарагай. На место ЧП немедленно выехал пожарный поезд. В кратчайшие сроки были развернуты силы пожаротушения. Всего были задействованы несколько единиц техники и десятки сотрудников. Нарастивание сил и средств происходило в соответствии со складывающейся обстановкой. В скором времени лесной пожар был локализован, а затем ликвидирован. Руководство дало положительную оценку учениям.

– Такие учения нужны для совершенствования действий при крупных природных пожарах, – в свою очередь резюмировал начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев – Все условия проведения учений приближены к реальной ситуации. Они позволяют оценить готовность подразделений ЧС, лесного хозяйства, железнодорожных пожарных к возникновению природных пожаров.

Фото автора

ШАРДА ӨТКЕН МЕРЕКЕ



ӘЛЕУМЕТ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ақжолтай пойыз Түркісіб теміржолының түп негізі саналатын Шар станциясына дүйсенбі күні таң алагеуімде келіп тоқтады. Пойызды Шар тұрғындары бабалар дәстүрімен шашу шашып, қошеметпен қарсы алды.

Ал таңертеңгі сағат сегізден бастап келушілердің алғашқы легін пойыз дәрігерлері қабылдап қарай бастады. Бұл күні Шар тұрғындары ғана емес, оған іргелес орналасқан Суықбұлақ, Жаңғызтөбе, Қалбатау, Жарма, Қапанбұлақ сынды өзге де жол айрықтарының теміржолшылары келіп жеткен еді.

Әсіресе шалғайдағы станция тұрғындарының қолы жете бермейтін көз дәрігері, маммолог, невропатолог сынды мамандарға кезекте тұрғандар саны мол болды.

Тіршілік ырғағы бір сарынды Жарма өңірінің теміржолшылары үшін аптаның екі күні дүбірге толы болды. Аймақтағы Шар станциясына Өскемен өңірін шарлап келе жатқан «Саламатты Қазақстан» пойызы тоқтады.

Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен өңір болғандықтан да осы өңірге екі күнге аялдауды жоспарлаған дәрігерлердің жұмысы қарқынды болды. Жалпы саны 600-ден аса адам тегін медициналық көмек алды. Сонымен қатар жергілікті 130 азамат заңгерлер мен медиаторлардың жәрдеміне сүйенді. Сонымен қатар кент тұрғындарына нағыз мереке ұйымдастыруды мақсат тұтқандар бастамасымен елеулі шараға орай ҚР Президентінің телерадиокомпаниясы деменшүлігімен арнайы концерт ұсынылды.

– Медициналық пойыздың келуі жергілікті халық үшін нағыз мерекеге айналды. Тамара Асар мен Маржан Арапабаева Шар кентінің орталық алаңында арнайы концерт қойды. Бұрындары эстрада жұлдыздарының өнерін тамашалау үшін үлкен қалаларға сапар шегуге тура



кететін, ал бүгін олардың өздері ізден келгеніне риза болған жергілікті тұрғындардың аталмыш пойызды ұйымдастырушыларға айтар алғысы зор болды, – дейді Шар станциясының бастығы Бейімбет Бейбітұлы.

Семей ЖТ бөлімшесі бастығы да Шар станциясына барып, мерекелік шараларға

куә болысты.

«Саламатты Қазақстан» пойызы қазіргі таңда Абай облысының елді мекендерін аралап жүр. Бүгінгі күндері ол бөлімшеге қарасты Белағаш, Дегелең станцияларында қабылдау жасауда. Тек осыдан кейін ғана көршілес Павлодар облысына жол тартпақ.

Твои люди, магистраль!

ПО РОЖДЕНИЮ И ПРИЗВАНИЮ – ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК

Любовь к стальной магистрали замдиректора Илецкой дистанции сигнализации и связи Сансызбай Кадырғулов впитал с молоком матери. Пройдя все ступени карьерной лестницы, он ни разу не изменил своему предприятию – Илецкой дистанции сигнализации и связи.



Марьяна ПЕРВУШИНА,
Илецк

Родился Сансызбай Капизович 1 июня 1963 года в семье железнодорожников. Увлекательные рассказы отца об его работе, конечно, повлияли на выбор будущей профессии. По окончании в 1980 году Чиликской средней школы он решил получить высшее образование. Двухлетняя служба в Советской Армии в ракетных войсках стратегического назначения в Новосибирске еще больше закалила характер парня.

Как и планировал, он окончил Самарский институт железнодорожного транспорта по специальности инженер-электрик. Начав свою трудовую деятельность в 1984 году, Сансызбай Капизович прошел все ступени карьерной лестницы, начиная с должности электромонтера СЦБ Илецкой дистанции сигнализации и связи. Сегодня он является заместителем директора филиала АО «НК «КТЖ» – Илецкий железнодорожный участок, начальником хозяйства автоматики, телемеханики и телекоммуникаций ИЖУ (ШЧ-6), оставаясь до конца верным своей дистанции.

Без малого 40 лет прослужил Сансызбай Кадырғулов железной дороге. В том числе 27 лет – на руководящих должностях. Коллеги отмечают его неоспоримые качества – коммуникативность, целеустремленность, трудолюбие, пунктуальность, порядочность, которые сыграли положительную роль для его становления как специалиста и руководителя. Под его руководством в ШЧ-6 многое изменилось в лучшую сторону. Был наведен порядок в производственных и служебных помещениях, проведена большая работа по обновлению и модернизации оборудования СЦБ, связи, КТСМ. Ведется поэтапная работа по установке новых жилых мобильных зданий на станциях и

раздельных пунктах, и еще много планов на долгосрочную перспективу.

За добросовестный труд Сансызбай Капизович был неоднократно отмечен денежными премиями, почетными грамотами руководства Уральского отделения дороги, управления Западно-Казахстанской железной дороги. В 2018 году он награжден государственной медалью Республики Казахстан «Адал еңбегі үшін» (За трудовое отличие). В 2021 году за добросовестный труд и большой вклад в обеспечение устойчивой работы железнодорожного транспорта приказом Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан он удостоен звания «Почетный железнодорожник».

– А еще Сансызбай Кадырғулов отличный семьянин, вырастил вместе с супругой двоих хороших сыновей. И все трудовые годы является активистом Профсоюзного комитета Илецкого железнодорожного участка, – отмечает председатель профкома ИЖУ Ермак Шалабаев. – Он ведет работу по сохранению здоровья работников, организует спортивные мероприятия под девизом «Отдай спорту время, взамен получи здоровье!». «Льжяна – это здоровье», физкультурминутки в течение трудового дня. В числе его достижений – сплоченность коллектива, формирование духа взаимопонимания и взаимопомощи. Защищает интересы работников по социально-экономическим, трудовым и правовым вопросам, за что в 2022 году был награжден юбилейной медалью «30 лет Казпрофтранс».

Коллектив Илецкой дистанции сигнализации и связи и все илецкие железнодорожники поздравляют Сансызбай Капизовича с юбилеем – 1 июня 2023 года ему исполнилось 60 лет. И желают гладких путей, высоких скоростей и зеленого светофора всем начинаниям.

Фото автора

ЖОЛШЫНЫҢ ҒАНА «БАС АУРУЫ» МА?



МӘСЕЛЕ

Шахиджа ЖҰМАН,
Маңғыстау

Биылғы жыл басынан бергі өткен төрт айда Маңғыстау жол дистанциясы аумағында тепловоз машинистері 42 рет шұғыл тежеу берген. 6 мал басу оқиғасы тіркеліп, қанша шаруа малынан айрылса, теміржолдың шығыны шаш-етектен...

Былтырғы салыстырмалы мерзімде 29 факті тіркеліп, 1,45 тонна жанар-жағармай ысырап болған екен. Осы жылы тежеулер саны артқандықтан ауаға ұшқан дизельдік отын көлемі де өсіп, шығындалған тепловоз майы 2,10 тоннаға жеткен. Мал басу оқиғалары Бастау-Ақбөбек бекеттерінің, Шетпе-14 бекет, Өзен-Бастау, Боржақты-Қарақия аралықтарында болған. Биылғы 6 жағдайдың тек біреуінде ғана малдың иесі анықталмаған. Қалғандарына қатысты төрт түліктің иесіне Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 30-тарау

«Айта-айта Алтайды, Жамал апа қартайды» демекші, жолдағы мал – бүгінде жалпы бұқаралық сипатқа айналып кеткен кереғар көрініске айналды. Кейінгі кезде түбек темір жолында жолға мал шығу оқиғасы тағы да жиілеп кеткен. Ал бұл жолшылар үшін нағыз апатқа айналып отыр.

559-бабы 1-бөлігіне сәйкес ескерту беріліп, айыппұл салынған.

– Өткен жылдары жолға мал шығу оқиғалары сәл де болса азайған еді, 2022 жылдың бастапқы төрт айында тек 4 мал басу фактісі орын алған. Биыл халықтағы мал саны артты ма, жауапкершілік кеміп кетті ме, жедел тежеу жағдайлары көбейіп кетті. Қоршаулар салынып, ескісі жөнделіп, тұрғындарға ескерту мен түсінік жұмыстары жылдағыдай өз жалғасын табууда. Сондықтан басты себеп мал басының артуы деуге болады. Осыған дейін мал иелеріне қатысты 346 адаммен түсінік жүргіздік. Бұл жұмысты жалғастырып, тұрғындарға кеңінен насихаттау және малды арнайы бақташымен бағу туралы ұсыныспен Маңғыстау, Қарақия және Мұнайлы ауданы әкімдеріне хат жолдандық. Желілік полиция бөлімшесі, ауыл әкімдігі қызметкерлерімен бірлесіп Боздақ, Батыр, Баянды, Емір елді мекендерінің тұрғындарымен де кездестік, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев.

Дистанция өкілінің мәліметінше, биыл 10-11 бекет, ст.Шетпе-13 бекет, 12-13 бекет, 12-11 бекет аралықтарының оң және сол жағына 88,7 шақырым жаңадан мал өтпейтін қоршау құрылысы жүргізіліп жатса, 10-11 аралығына тікенек сымдар орнатылуда екен. Сонымен қатар, дистанция жолшыларының «жолдағы мал жолшының ғана «бас ауруы» ма, неге барлық ауыртпалық пен жауапкершілікті біз ғана арқалап, күндіз-түні кезекшілікпен жол бойын төрт түліктен қорғау тиіспіз? Тек түбек емес, бүкіл ел өңірлеріндегі жолшыларға артық жұмыс жүктеп отырған келеңсіз мәселе қашан оң шешім табады?» – деген жанапайын да жеткізді.

Маңғыстау жол дистанциясы қызмет көрсететін телім бойындағы елді мекендер, ауыл әкімдіктері бұған не уәж айтар екен?

НАҒЫЗ ТЕМІРЖОЛШЫ ЕДІ...

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының ұжымы Әкімжан Сағидрахманұлы туралы «Нағыз теміржолшы болып туған жан еді» дейді бірауыздан.

Сабырхан НӘДІРБАЕВ,
Қызылорда

Осыдан тура бір жыл бұрын кенеттен дүниеден өткен Құрметті теміржолшы Әкімжан Қосанов өмірінің соңғы 12 жылында осы ШЧ-39 мекемесін басқарған. Ұзақ жылғы бейнетінің зейнетін көретін жасқа енді жеткенде кенеттен жүрегі сыр берген аптал азаматтың қазасы оны білегін барша теміржолшы қауымға, әсіресе бір отбасыдай болған әріптестеріне ауыр тиген.

Әкімжан Сағидрахманұлы 1959 жылдың 17 желтоқсанында Қызылорда облысы Арал ауданы Сапақ станциясында теміржолшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Сағидрахман Қосанов та кезінде Құрметті теміржолшы атанған мықты сала маманы болды. Ата-анасының тұңғышы Әкімжан өзінен кейінгі алты іні-қарындасының қамқоршысы болып ерте есейіп, еңбекке де ерте араласқан екен. Еңбек

жолы теміржолдың ең төмен сатысы – монтер, механиктен басталып, барлық кәсіби әрі басқарушы деңгейден өтіп, мекеме бастысы дәрежесіне дейін өскен. Алматы теміржол инженерлері институтын үздік тәмамдаған.

– Әкімжан Қосановтың жарқын бейнесі көз алдымызда, білімді де білікті басшы, істің көзін таба білегін мықты ұйымдастырушы еді, ұжым алдындағы абырой-беделі өте зор болатын. Адамгершілігі мен сыйластығы ерекше, қайырымы мол азамат ретінде мәңгілік жүрегімізде сақталады, – дейді ШЧ-39 кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Қожахметова.

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясын басқарған жылдары ұжым салалық жарыста талай рет топ жарған, ал Әкімжан Сағидрахманұлы өткен жылы «Үздік басшы» атағын иеленген еді деп еске алады әріптестері.

ИГРЫ И ТАНЦЫ В ПЕРВЫЕ ДНИ ЛЕТА



СОЦИУМ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

У детей было веселое настроение в предвкушении праздника. Ребята встречали их любимые герои – Чебурашка, Коржик, Единорожка, Хаги-Ваги, Мальвина и Бетмэн. Они играли с детьми, пели песни, разгадывали загадки, соревновались в различных состязаниях, проводили конкурсы, веселились, и для организаторов праздника это было самое главное в этом мероприятии.

– Большую благодарность хотим выразить руководству ТОО «Минвод», которые выделили нам автобусы, базе отдыха «Экопарк» за то, что они предоставили нам аттракционы. Надеясь на наше дальнейшее плодотворное

сотрудничество, – отметил председатель Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

Праздник закончился появлением ростовых кукол – Паңды и Халка. Дети сначала удивились, а потом начали водить хоровод вокруг них и фотографироваться на память. Видя счастливые лица ребят, можно было с полной уверенностью сказать, что все участники праздника получили заряд радости, бодрости, много улыбок и хорошего настроения и, конечно, незабываемых впечатлений.

– Сегодняшний день был настоящим праздником для наших деток. Они классно отдохнули. Все было просто замечательно. Очень хорошо организовано, и аниматоры для всех возрастов,



игры, танцы. Все детки наши довольны. На день мы сами окунулись в детство. Огромное спасибо организаторам такого праздника детства, – поделилась своими впечатлениями оператор ВЧД-34 Анара Шамгунова.

На обратном пути взрослые устроили для ребят небольшой концерт, исполнив любимые песни из своего детства. Всем детям очень понравился праздник – многие из них познакомились и обрели новых друзей, а впоследствии, выйдя из автобуса, они громко сказали: «Спасибо!».

Фото автора



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КАЗКОЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мұздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
С. Бакесова, Р. Рахметов

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Шахиджа Жұманова 8-778-409-78-59
Павлодар: Айгана Ертэй 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабара Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.